

Аймақтық ғылыми конференция

Сәуір айының 22-і күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестері» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция болды. Баяндама тақырыптары мен мазмұны езекті мәселелерді қамтыған конференция жұмысын «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент С.Карибаев жүргізіп отырды. Екі кезеңнен тұрған конференцияның пленарлық мәжілісіне тарихшы ғалымдармен бірге танымал қаламгерлер де қатысқан болатын. Жазушы, шежіреші, Қазақстан педагогика академиясының профессоры Момбек Әбдәкімұлы «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс оңтүстікті де шарпыған» тақырыбында баяндама жасап, қазақ халқының отаршылдыққа қарсы жанқиярлық күресін әңгімелесе, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ЖҚТУ-нің профессоры, т.ғ.д. Хазіретәлі Тұрсын

«1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және ұлттық интеллигенция» тақырыбында қайраткерлік істері туралы өз зерттеулеріне тоқталды.



дербес мемлекет болу арманындағы зиялы қауым өкілдерінің сол кезеңдегі Ұлттық және саяси бостандық басты мақсат болып саналып, бұқаралық

сипатта қазақ халқының барлық топтары мен демократияшыл зиялылардың жекелеген өкілдері қатысқан бұл қозғалыс Қазақстанның бүкіл аумағын қамтыды және тәуелсіздік жолындағы бұрынғы сан ғасырлық күрестердің қорытындысын айқындады.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің «Қазақстан тарихы» кафедрасында абыройлы қызмет атқарып келе жатқан ұстаз-ғалым, т.ғ.к., доцент Садықұлова Сәуле Сөйдаханқызының белесті жасқа келуіне орайластырылған ғылыми жиынның екінші кезеңінде қонақтар, факультет және кафедра ұжымы мерей иесіне ізгі тілектерін арнап, лайықты құрмет көрсетті. Т.ғ.к., доцент Ж.Белгібай өзінің «Ұлағатты ұстаз» тақырыбындағы баяндамасында оның жемісті де нәтижелі еңбектерін атап өтті. Іс-шара барысында С.Садықұлованың педагогикалық қызметі мен ғылыми-әдістемелік еңбектеріне арналған көрме қойылып көпшілікке ұсынылды.

Ғылыми конференцияның қатысушылары материалдар жинағымен бірге арнайы сертификаттарға ие болды.

Алғабек ҚАБЫЛ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
«Қазақстан тарихы» кафедрасының
аға оқытушысы.